



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Шиқұдық ауылы, Қ. Рысқұлбеков көшесі 1 бүй. тел. 74-1-43.
030900, Актюбинская область, Уилский район, с/Шиқұдық, ул. К. Рысқұлбекова, дом 16. тел 74-1-43.
e-mail: terekti2016@mail.ru

Бұйрық №7

25.08.2023ж

«Теректі негізгі мектебі» КММ

Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын
бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төмендегі құрамда құрылсын:
 - 1) Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы – М.Е.Аяпбергенов
 - 2) Педагог-психолог – А.Н.Кошкарбаева
 - 3) ДТЖО – М.Томина
2. 2023-2024 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы осы құрамда бекітілсін.
3. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Мұхит тағайындалсын.
4. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына:
 - 1) Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастыру және бақылау;
 - 2) ППҚ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
 - 3) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, даму динамикасын, білім алушылардың жетістіктерін талқылауға қатысу;
 - 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ДОЖО А.Қ.Мұхитқа жүктелсін.



Мектеп директоры  М.Аяпбергенов



Бекітемін: 
Мектеп директоры: М.Е.Аяпбергенов
«01» 09 2023ж

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

ППҚҚ мамандарының іс-әрекеті

1. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
2. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен әдістерін анықтау;
3. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке және топтық сабақтарды өткізу;
4. Мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес беру;
5. Өзін-өзі дамытуды әдістемелік-ұйымдастырушылық жұмыс;
6. Әлеуметтік серіктестіктермен өзара байланыс.

№	Іс-әрекет мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі
1	2	3	4
Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау; Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен әдістерін анықтау;			
1	ЕББҚ бар оқушылармен және олардың отбасымен танысу	Мұғалім, ППҚҚ мамандары	Қыркүйек
2	ЕББҚ бар оқушыны бірнеше күн бойы сабақта бақылау	Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары	1) Қыркүйек, желтоқсан, мамыр
3	Оқушының негізгі пәндер бойынша оқу жетістіктерін критерталды бағалау. Дамудың «жақын аймағы» мен «өзекті аймағын» анықтау	Мұғалімдер	1) Оқу жылының басында, аяғында. 2) Жыл бойы
4	ЕББҚ бар оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін терең зерттеу: - Психологиялық бақылау; - Әлеуметтік педагогикалық бақылау.	ППҚҚ мамандары	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр

5	1) Оқушылардың оқу қиындықтарын және олардың себептерін ұжымдық талқылау;	Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары, ата-аналар	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр
	2) Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын құру	Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары	Қыркүйек 2,3,4 тоқсан басында
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке және топтық сабақтарды өткізу			
6	ЕББҚ бар оқушыларды топтастыру, сабақ кестелерін құру	ППҚҚ мамандары	1,2,3,4 тоқсан басында
7	Жеке және топтық сабақ кестелері	ППҚҚ мамандары	Жыл бойы
8	Оқушылармен жұмыстың аралық нәтижелерін талқылау	Мұғалімдер, ППҚҚ мамандары	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр
Психологиялық-педагогикалық кеңес беру			
9	Мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес беру, семинарлар өткізу	ППҚҚ мамандары	Жыл бойы
Өзін-өзі дамытуда ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс			
10	Жұмыс кабинетін әдістемелік-дидактикалық құралдармен толықтыру	ППҚҚ мамандары	Жыл бойы
11	Біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысу	ППҚҚ мамандары	Жыл бойы
12	Жасалған жұмысқа есеп	ППҚҚ мамандары	Мамыр

Бекітемін: 
Мектеп директоры: М.Е.Аяпбергенов
« » 2023ж



2023-2024 оқу жылына арналған
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жоспары

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының мақсаты:

- ✓ Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық «қатер» тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының міндеттері:

- Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда кездесетін қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін оқушының дамуы мен білім алу ерекшеліктері (оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі) туралы қорытынды жасау;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының әрекетін үйлестіруді қамтамасыз ету;
- Диагностикалық-консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және әдістемелік қолдау;
- Ата-аналарға, мектеп мұғалімдеріне кеңес беру, ұсыныстар әзірлеу.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
1	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №1 отырысы <ul style="list-style-type: none"> - Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары); - Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту; - Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнын қарастыру; 	Қыркүйек	Мектеп директоры ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	ППҚҚ құру туралы бұйрық; ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары; ППҚҚ отырыстарының жоспары; ПМПК қорытындылары; Жеке оқу жоспары; ППҚҚ отырысының хаттамасы
2	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №2 отырысы <ul style="list-style-type: none"> - Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру 	Қазан	ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); 2-тоқсанға арналған бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары; ППҚҚ отырысының хаттамасы

	<p>деңгейін бағалау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралау; - 2-ші тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын бекіту; 			
3	<p>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №3 отырысы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау; - Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту; 	Желтоқсан	<p>ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері</p>	<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); Жеке оқу бағдарламалары; Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары; 2а, 2б,3 формалар ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>
4	<p>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің №4 отырысы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау; - ЕББҚ ететін білім алушыларға берілетін тиісті үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандары (9 сынып оқушылары); 	Наурыз		<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); 4-тоқсанға арналған бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары; ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>
5	<p>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қорытынды отырысы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар білім алушылардың даму динамикасын бағалау; - Оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау; - ПМПК жіберілетін оқушылар тізімін анықтау; - ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылау; 	Мамыр	<p>ППҚҚ төрайымы Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері</p>	<p>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг (Жетістіктерін белгілеу); ППҚҚ жылдық рефлексиялық есебі; ППҚҚ отырысының хаттамасы.</p>

Бекітемін: 

Мектеп директоры: М.Е.Аяпбергенов

« ___ » _____ 2023ж

Теректі негізгі мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер Теректі негізгі мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (әрі қарай қолдау қызметі) жұмысын реттейді.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

1.3. Қолдау қызмет әрекеті:

- 1) мектепке бейімделмеу және оқуда қиындықтары бар балалардың «қатер» тобын дер кезінде анықтауға;
- 2) оқушылардың дамудағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) жеңуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;
- 3) оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, денсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;
- 4) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру ұйымының дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;
- 5) педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) артыруға;
- 6) оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.4. Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:

- 1) бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуметтік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық

өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

- 3) орта мектеп – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

1.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

- 1) баланың қандай да бір даму мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме;
- 2) білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру;
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);
- 5) мүмкіндіктергі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру.

2. Теректі негізгі мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

2.1. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (әрі қарай ОПМПК) тұжырымдамасы мен ұсынысының негізінде, сондай-ақ оқушыларды №39 жалпы білім беретін орта мектебінің штаттық мамандарының (педагог-психолог, логопед мұғалім, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, ЕДШ маманы, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

2.2. Теректі негізгі мектебінің директорының бұйырығымен тағайындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелер мен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына пән мұғалімдері, білім алушылардың ата-аналары, үйірмелердің (секциялардың) жетекшілері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

2.3. Теректі негізгі мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы: баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясын, мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ декларациясын, балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларацияны, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңын, ҚР ОА министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, Теректі негізгі мектебінің жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) және осы ережелерді басшылыққа алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты білім алушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- білім алушының құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланың дамуы мен оқуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;
- білім беру үдерісінің барлық субъекілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;
- оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – білім алушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;
- психологиялық түзету жұмысы – оқушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың және ППҚ жауапты мұғалімдердің әлеуметтік-психологиялық термингілерді, рөлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және

министрінің «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) және осы ережелерді басшылыққа алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты білім алушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- білім алушының құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланың дамуы мен оқуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;
- білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;
- оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – білім алушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;
- психологиялық түзету жұмысы – оқушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың және ППҚ жауапты мұғалімдердің әлеуметтік-психологиялық термингілерді, рөлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және

- арнайы қабілеттерін дамыту бойынша педагогикалық ұжым мен ата-аналардың арасындағы топтық дискуссияларды ұйымдастыру және өткізу;
- әрбір жастық кезеңде оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке бастық толық құнды дамуына және өзін-өзі тануына жағдай тудыру, сондай-ақ тұлғалық дамуы мен зерде дамуында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу мақсатындағы білім беру үдерісіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыда ағарту;
 - білім беру үдерісіне қатысушыларға әр түрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беру;
 - өмірдегі қиын жағдайларды жеңу үшін оқушылар мен ата-аналарға көмектесу;
 - оқушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру;
 - ұйымдық-әдістемелік қызмет – ұйымдық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды (қолдау нәтижелерін талдау және жинақтау, ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдарын өңдеу) жүргізу;
 - тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктер, семинар практикумдер, конференциялардың жұмысына қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын есепке ала отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; инновациялық әдістерді меңгеру бойынша семинарлар, тренингілер мен кеңес жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;
 - мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер қорын қалыптастыру;
 - психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы

5.1. Теректі негізгі мектебінің директоры бекіткен, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жұмыс жоспары.

5.2. Теректі негізгі мектебінің директоры бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс кестесі.

5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жылдық жұмыс жоспары мен хаттамалары.

5.4. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жеке бағдарламалары.

5.5. Топтық тақырыптық кеңес беру және ата-аналардың жеке санаттарына кеңес беру жоспарының кестесі.

5.6. Білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған оқыту семинарларының тақырыптары және өткізу кестесі.

5.7. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жылдық талдау.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері

6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:

- Теректі негізгі мектебінің ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;
- түзету сабақтары уақытындағы балалардың өмірі мен денсаулығы;
- баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы;
- баланың құқығы мен жеке бастық еркіндігін сақтау;
- тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;
- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;
- еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сақтау.